

**Бурабай ауданының бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізудің  
қағидаларын бекіту туралы**

**Күшін жойған**

Ақмола облысы Бурабай аудандық мәслихатының 2013 жылғы 21 қарашадағы № 5С-23/9 шешімі. Ақмола облысының Әділет департаментінде 2013 жылғы 20 желтоқсанда № 3932 болып тіркелді. Күші жойылды - Ақмола облысы Бурабай аудандық мәслихатының 2014 жылғы 25 қыркүйектегі № 5С-34/10 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Ақмола облысы Бурабай аудандық мәслихатының 25.09.2014 № 5С-34/10 (қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді және қолданысқа енгізіледі) шешімімен.**

**Р К А О е с к е р т п е с і .**

**Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы  
сақталған.**

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі  
басқару туралы» 2001 жылғы 23 қантардағы Қазақстан Республикасының Заңы  
39-3-бабының 6-тармағына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 18  
қазандағы № 1106 Қаулысымен бекітілген Бөлек жергілікті қоғамдастық  
жиындарын өткізудің үлгі қағидаларына сәйкес Бурабай аудандық мәслихат

**Ш Е Ш И М Е Т Т I :**

1. Қоса беріліп отырған Бурабай ауданының бөлек жергілікті қоғамдастық  
жиындарын өткізудің қағидалары бекітілсін.

2. Осы шешім Ақмола облысының Әділет департаментінде мемлекеттік  
тіркелген күнінен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күнінен бастап  
қолданысқа енгізіледі.

**Аудандық мәслихаттың  
XXIII (кезектен тыс)  
сессияның төрағасы,**

**аудандық мәслихаттың хатшысы**

**Ө.Бейсенов**

**«КЕЛІСІЛДІ»**

**Бурабай ауданының әкімі**

**H.Нұркенов**

**Бурабай**

**аудандық**

**мәслихаттың**

**2013**

**жылғы**

**21**

**қарашадағы**

**№**

**5 С - 2 3 / 9**

**шешімімен**

**бекітілген**

# **Бурабай ауданының бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізудің қағидалары**

## **1. Жалпы ережелер**

1. Осы Бурабай ауданының бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізудің қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңы 39-3-бабының 6-тармағына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 18 қазандағы № 1106 қаулысымен бекітілген Бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізудің үлгі қағидаларына сәйкес әзірленді және Бурабай ауданының ауылдардың, кенттердің, ауылдық округтердің аумағындағы ауылдың, көшениң, көппәтерлі тұрғындарының бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізу үшін тәртібін б е л г і л е й д і .

2. Бурабай ауданының Щучинск қаласының, ауылдардың, кенттердің, ауылдық округтердің аумағындағы ауылдың, көшениң, көппәтерлі тұрғын үй тұрғындарының бөлек жергілікті қоғамдастық жиындары (бұдан әрі – бөлек жиын) жергілікті қоғамдастықтың жиынына қатысу үшін өкілдерді сайлау мақсатында шақырылады және өткізіледі.

## **2. Бөлек жиындарды өткізу тәртібі**

3. Бөлек жиынды Щучинск қаласының, ауылдың, кенттің, ауылдық округтің әкімі шақырады .

Бурабай ауданы әкімінің жергілікті қоғамдастық жиынын өткізуге оң шешімі бар болған жағдайда бөлек жиынды өткізуге болады.

4. Жергілікті қоғамдастық халқы бөлек жиындардың шақырылу уақыты, орны және талқыланатын мәселелер туралы аудандық «Бурабай» және «Луч» газеттері арқылы олар өткізілетін күнге дейін күнтізбелік он күннен кешіктірілмей хабардар етіледі.

5. Ауыл, көше, көппәтерлі тұрғын үй шегінде бөлек жиынды өткізу үшін Щучинск қаласының, ауылдың, кенттің және ауылдық округтің әкімі үй ымдастырады .

6. Бөлек жиынды ашудың алдында тиісті ауылдың, көшениң, көппәтерлі тұрғын үйдің қатысып отырған және оған қатысуға құқығы бар тұрғындарын тіркеу жүргізіледі .

7. Бөлек жиынды Щучинск қаласының, ауыл, кент, ауылдық округ әкімі немесе ол уәкілеттік берген тұлға ашады.

Щучинск қаласының, ауыл, кент, ауылдық округ әкімі немесе ол уәкілеттік берген тұлға бөлек жиынның төрағасы болып табылады.

Бөлек жиынның хаттамасын рәсімдеу үшін ашық дауыспен хатшы сайланады.

8. Жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін ауыл, көше, көппәтерлі тұрғын үй тұрғындары өкілдерінің кандидатураларын Щучинск қаласының, ауылдың, кенттің және ауылдық округтің аумағындағы ауылдың, көшениң, көппәтерлі тұрғын үй сайлаушыларының жалпы санының 1 % мөлшерінде ұсынады. Жергілікті қоғамдастық жиыны мен жергілікті қоғамдастық жиналысына кәмелетке толмаған адамдардың, сот әрекетке қабілетсіз деп таныған адамдардың, сондай-ақ сот үкімімен бас бостандығынан айыру орындарындағы адамдардың қатысуға құқығы жоқ.

Жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін ауыл, көше, көппәтерлі тұрғын үй тұрғындары өкілдерінің саны тең өкілдік ету қағидаты негізінде айналады.

9. Дауыс беру ашық түрде әрбір кандидатура бойынша дербес жүргізіледі. Бөлек жиын қатысушыларының ең көп дауыстарына ие болған кандидаттар сайланған болып есептеледі.

10. Бөлек жиында хаттама жүргізіледі, оған төраға мен хатшы қол қояды және оны Щучинск қаласының, ауыл, кент және ауылдық округ әкімінің аппаратына береді.